

*Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары
жүзеге асатын... адамның ең басты
шаттығы болып саналатын балалардың өсіп,
өмір сүретін орны.*

Антон Макаренко

«Отбасым алтын діңгегім»

Отан отбасынан басталады деп бекер айтпаған. Әрбір адамның — алтын ұясы десе алдымен ойымызға отбасы оралады. Бала отбасында әкеден ақыл, анадан мейірім, сүйіспеншілік алады. Мен өз отбасымды мақтан етемін. Мен өзімді ең бақытты жанға теңеймін. Себебі отбасымыздың басты тірегі — сүйіспеншілік, бірлік, өзара махаббат және сенім, себебі бірін-бірі сүйіспеншілікке бөлеп отырған отбасысы бар адамдар өте бақытты жандар.

Отан – отбасынан басталады. Отбасының құрылуы ата-анадан бастау алып, ұрпақтар жалғасын тауып өсіп, үлкен бір әулетке айналады.

Әр отбасының білуімше өзіндік тойлайтын дәстүрлі мерекелері бар. Біздің отбасымыздың да асыға күтетін дәстүрлі мерекелі күндеріміз бар. Сол күндерді асыға күтеміз, дастархан үстінде қызықты оқиғаларды еске түсіреміз. Бұл естеліктер тамаша көңіл-күй сыйлайды. Солардың бірі Жаңа жылдық мереке. Сол мерекелердің бірінде әкем маған көптен бері арманымда жүрген «Лего» құрастырғыш ойынын сыйға тартты. Содан бері менің арманым болашақта сәулетші болу. Туған ауылыма «Disneyland» салып, кішкентай бүлдіршіндерге қуаныш сыйлап, өз елімнің абыройлы азаматы болсам екен. Осындай арман сыйлаған ата-анама өте ризамын. Болашақта осы арманымды жүзеге асыру үшін оқуымды жақсы оқып, ата-анамның үмітін ақтаймын.

Отбасыңмен бірге өткізген әр күнге қуана білу қажет. Сондықтан, әр күніміз бір ертегі деп бір-бірімізді сыйлап, отбасымызды қадірлейік!

Мен алыс жаққа сапарға кеткенде, үйімді сағынып, қайтқым келіп тұрады, себебі менің отбасым – менің тірегім және қорғаушым.

Батыс Қазақстан облысы

Тасқала ауданы

2-Шежін ауылы

ЖББ Шежін орта «мектеп-бөбекжай-бақша» кешені

Номинация: «Қиял-ғажайып әлемі»

Тақырыбы: «Отбасым алтын діңгегім»

Авторы: Муратов Асет

8 жас

Жетекшісі: Кадралиева Гульзада Жумабаевна